**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және орталық депозитарий үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 522 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылы 24 желтоқсандағы № 240 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 ақпанда № 10213 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 29 қазандағы № 104 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 1055 бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

Ескерту. Бірлескен бұйрығы және қаулысының күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.10.2020 № 104 және ҚР Қаржы министрінің 30.10.2020 № 1055 (15.11.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысы мен бұйрығымен.

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 3-2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ** және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және орталық депозитарий үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары (екінші деңгейдегі банктерді, Ұлттық почта операторын, қор биржасын қоспағанда):

1) осы бұйрық пен қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап күнтізбелік үш айдан кешіктірмей ішкі құжаттамасын осы бұйрыққа және қаулыға сәйкес келтірсін;

2) осы бұйрық пен қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап күнтізбелік бір жылдан кешіктірмей осы бұйрыққа және қаулыға сәйкес автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пысықтау және қазіргі клиенттерінің тәуекел деңгейін айқындау жөніндегі іс-шараларды жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржылық мониторинг комитеті (Тәжіяқов Б.Ш.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты және қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық және қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оларды мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты және қаулыны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық және қаулы 2014 жылғы 15 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрі | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы |
| __________Б.Сұлтанов | __________Қ. Келімбетов |
| 2014 жылғы "___"_________ | 2014 жылғы "___"_________ |

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі
2014 жылғы 26 қарашадағы
№ 522 бұйрығымен
және Қазақстан
Республикасының Ұлттық
Банкі Басқармасының
2014 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 240 қаулысымен
бекітілген

# Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және орталық депозитарий үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және орталық депозитарий үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бұдан әрі - Талаптар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Бағалы қағаздар рыногы туралы заң), "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - КЖ/ТҚҚ туралы заң), Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6100 тіркелген, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Орталық депозитарийде тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 238 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 1 ақпандағы № 5 қаулысына (бұдан әрі - № 5 нұсқаулық), Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7993 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 2012 жылғы 24 тамыздағы 276 қаулысына (бұдан әрі - № 276 талаптар), сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының " Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысына (бұдан әрі - № 214 қағидалар) сәйкес әзірленді.

Талаптар екінші деңгейдегі банктерді, Ұлттық пошта операторын және қор биржасын (бұдан әрі - кәсіби қатысушылар) қоспағанда, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қолданылады.

2. Егер Талаптарда өзгеше белгіленбесе, онда Талаптарда қолданылатын ұғымдар КЖ/ТҚҚ туралы заңда көрсетілген мағынамен пайдаланылады.

Талаптардың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақшаға және (немесе) өзге мүлікке байланысты операцияларды тоқтату – терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген ұйымға және (немесе) не бенефициарлық меншік иесі осндай жеке тұлға болып табылатын ұйымға тиесілі ақшаға және ( немесе) өзге мүлікке қатысты:

бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеушінің клиентті бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінде оқшаулауы;

брокердің және (немесе) дилердің, бағалы қағаздар орталық депозитарийінің клиентті номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде оқшаулауы;

орталық депозитарийдің клиенттің банк шоты (банк шоттары) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруы;

кәсіби қатысушының клиенттің бағалы қағаздарымен операциялар жүргізуден бас тартуы және (немесе) тоқтата тұруы арқылы қолданылатын шаралар;

2) әдеттегіден тыс операция (мәміле) - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен және кәсіби қатысушы дербес әзірлеген белгілер ескеріле отырып, КЖ/ТҚҚ туралы заңның 4-бабы 4-тармағына сәйкес міндетті зерделенетін операция ( мәміле);

3) КЖ/ТҚ тәуекелдері - КЖ/ТҚ процестеріне немесе өзге қылмыстық іс-әрекетке кәсіби қатысушыны қасақана немесе қасақана емес тарту тәуекелдері;

4) КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару - КЖ/ТҚ тәуекелдерін анықтау, бағалау, мониторингі, сондай-ақ оларды азайту жөнінде кәсіби қатысушы қабылдайтын шаралардың жиынтығы (қызметтерге, клиенттерге, сондай-ақ клиенттер жүргізетін операцияларға қатысты);

5) шекті операция - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жүргізілетін, КЖ/ТҚҚ туралы заңның 4-бабы 2-тармағына сәйкес қаржы мониторингіне жататын және КЖ/ТҚҚ туралы занда белгіленген шекті сомаға тең не одан асатын операция;

6) шот - ақшаны, бағалы қағаздарды және өзге қаржы құралдарын қоса алғанда, клиенттің активтерін есепке алуды кәсіби қатысушының жүзеге асыруы көзделетін кәсіби қатысушы мен клиент арасындағы іскерлік қарым-қатынастарды көрсету тәсілі;

7) іскерлік қарым-қатынас - кәсіби қатысушының клиентке бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметке қатысты қызмет көрсету (өнім ұсыну) бойынша қарым-қатынас.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 643 бұйрығы және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысымен.

3. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі - КЖ/ТҚҚ) мақсатындағы ішкі бақылауды кәсіби қатысушы:

1) КЖ/ТҚҚ туралы заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;

2) кәсіби қатысушының ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін КЖ/ТҚ тәуекелдерін және қатар жүретін тәуекелдерді (операциялық, бедел, құқықтық) басқару үшін жеткілікті деңгейде ұстап тұру;

3) кәсіби қатысушыны, оның лауазымды тұлғаларын және қызметкерлерін КЖ/ТҚ процестеріне тартпау мақсатында жүзеге асырады.

4. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру шеңберінде кәсіби қатысушылары ұйымның ішкі аудит қызметінің КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі

бақылаудың тиімділігін бағалауды жүргізуіне қойылатын талаптар кіретін ішкі бақылау қағидаларын әзірлейді.

Ішкі бақылау қағидалары КЖ/ТҚҚ туралы заңның 11-бабында көзделген бағдарламалардан тұрады, оларды кәсіби қатысушы Талаптарға сәйкес әзірлейді және кәсіби қатысушының ішкі нормативтік құжаты не осындай құжаттардың жиынтығы болып табылады.

## 2. КЖ/ТҚҚ ішкі жүйесін ұйымдастыру және КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы

5. Кәсіби қатысушының уәкілетті органы кәсіби қатысушының ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ішкі бақылау қағидаларының сақталуына мониторингті жүзеге асыруға жауапты лауазымды адам (бұдан әрі - жауапты қызметкер) тағайындайды, сондай-ақ құзыретіне КЖ/ТҚҚ мәселелері кіретін қызметкерлерді не ұйымның бөлімшесін (бұдан әрі - КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімше ) айқындайды.

6. Мыналар жауапты қызметкерге қойылатын талаптар болып табылады:

1) жоғары білімінің болуы;

2) кәсіби қатысушыда (техникалық немесе қосалқы қызметкер лауазымда істеген жұмыс өтілін қоспағанда) істеген кемінде бір жыл жұмыс өтілінің не КЖ/ТҚҚ саласында кемінде екі жыл жұмыс өтілінің не қаржылық қызметтерді ұсыну және (немесе) реттеу саласында кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы;

3) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес мінсіз іскерлік беделінің болуы.

7. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасы мыналардан тұрады, бірақ олармен шектелмейді:

1) КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімше функцияларының сипаттамасы, оның ішінде КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде кәсіби қатысушының басқа бөлімшелерімен, филиалдарымен, еншілес ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі, сондай-ақ жауапты қызметкер функцияларының, өкілеттіктерінің сипаттамасы, жауапты қызметкердің кәсіби қатысушының басқару органымен және атқарушы органымен өзара іс-қимылының тәртібі;

2) КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру және КЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес қаржы мониторингін жүзеге асыратын және КЖ/ТҚҚ бойынша өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган) хабарларды беру үшін пайдаланылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер, оның ішінде оларды әзірлеушілер туралы мәліметтер;

3) мәліметтерді тіркеу, сондай-ақ КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды іске асыру барысында алынған құжаттарды және ақпаратты сақтау тәртібі;

4) кәсіби қатысушы қызметкерлерінің, оның ішінде жауапты қызметкердің кәсіби қатысушының басқару органын және атқарушы органын КЖ/ТҚҚ туралы заңның, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларының кәсіби қатысушы қызметкерлері жол берген, өздеріне белгілі болған бұзылу фактілері туралы хабарлау тәртібі;

5) кәсіби қатысушыны бақылайтын заңды тұлға белгілеген КЖ/ТҚҚ жөніндегі талаптардың сипаты;

6) кәсіби қатысушының ішкі аудит қызметінің КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылаудың тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша басқару есептілігін дайындау және кәсіби қатысушының басқару органы мен атқарушы органына ұсыну тәртібі.

8. КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес жауапты қызметкердің және КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімше қызметкерлерінің функцияларына мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді:

1) әзірленген және кәсіби қатысушының атқарушы органымен келісілген ішкі бақылау қағидаларының және (немесе) оларға өзгерістердің (толықтыруларының) болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіби қатысушыда олардың сақталу мониторингі;

2) КЖ/ТКҚ туралы заңға сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарлар ұсынуды және олардың ұсынылуына бақылауды ұйымдастыру;

3) клиенттердің операцияларын күдікті ретінде тану және кәсіби қатысушының ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға хабарларды жіберу қажеттілігі туралы шешімдер қабылдау;

4) КЖ/ТҚҚ туралы заңда және (немесе) клиенттермен жасалған шарттарда көзделген жағдайларда және кәсіби қатысушының ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен клиенттердің операциялар жүргізуін тоқтата тұру не жүргізуден бас тарту туралы шешімдер қабылдау не кәсіби қатысушының уәкілетті органымен келісу;

5) кәсіби қатысушының уәкілетті органына КЖ/ТҚҚ туралы заңда және ( немесе) кәсіби қатысушының ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен клиенттермен іскерлік қарым-қатынастарды орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешім қабылдау үшін сұратулар жіберу;

6) кәсіби қатысушының уәкілетті органын анықталған ішкі бақылау қағидаларының бұзылғандығы туралы кәсіби қатысушының ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен хабардар ету;

7) кәсіби қатысушының уәкілетті органына есептерді қалыптастыру үшін КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылау қағидаларын іске асыру нәтижелері және

тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жақсарту жөнінде ұсынылатын шаралар туралы ақпаратты дайындау және кәсіби қатысушының уәкілетті органымен келісу.

9. Жүктелген функцияларды орындау үшін жауапты қызметкерге және КЖ/ТҚҚ жөніндегі бөлімше қызметкерлеріне төмендегілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, мынадай қажетті өкілеттіктер беріледі:

1) өз функцияларын толық көлемде және кәсіби қатысушының ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шекте кәсіби қатысушының барлық үй-жайларына, ақпараттық жүйелеріне, телекоммуникация құралдарына, құжаттары мен файлдарына рұқсат алу;

2) кәсіби қатысушының бөлімшелеріне операцияларды жүргізуге қатысты нұсқаулар беру;

3) өз функцияларын жүзеге асыру кезінде алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;

4) кәсіби қатысушының бөлімшелерінен алынатын құжаттар мен файлдардың сақталуын қамтамасыз ету.

10. Кәсіби қатысушының филиалдарында Талаптардың 8 және 9-тармақтарында көзделген функциялар мен өкілеттіктер толық немесе ішінара жүктелген қызметкерлер болған жағдайда мұндай қызметкерлердің қызметін жауапты қызметкер үйлестіреді.

11. Талаптардың 8-тармағында көзделген функциялар жүктелген жауапты қызметкердің, сондай-ақ кәсіби қатысушы қызметкерлерінің функциялары ішкі аудит қызметінің функцияларымен, сондай-ақ кәсіби қатысушының бизнес-бөлімшелері жүзеге асыратын функциялармен үйлеспейді.

12. Кәсіби қатысушы КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылау мәселелері бойынша процестерді автоматтандыру үшін мынадай талаптарға сәйкес келетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді пайдаланады:

1) енгізілетін өзгерістерді (толықтыруларды) қоса алғанда, клиенттердің досьесін (сауалнамаларын) енгізу мүмкіндігі;

2) Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ кәсіби қатысушы қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін бағалау нәтижелерін ескере отырып, алдын ала берілген критерийлер бойынша шекті, әдеттегіден тыс және күмәнді операцияларды анықтау;

3) дерекқордан клиенттердің досьесі (сауалнамалары), жүргізілген операциялар, қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жіберілген хабарлар бойынша ақпаратты алып тастау мүмкіндігінің болмауы;

4) ақпаратты резервтік көшіру және сақтау жүйесінің болуы;

5) жаңғыртудан қорғалған, әрбір пайдаланушының жұмыс хаттамасын жүргізу.

## 3. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы

13. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру мақсатында кәсіби қатысушы КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын әзірлейді.

13-1. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасына:

1) кәсіби қатысушының оның құрылымдық бөлімшелері бойынша КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқаруды ұйымдастыру тәртібі;

2) клиенттер тәуекелдерін (қызмет көрсетудің барлық кезеңдерінде)жәнеКЖ/ТҚүшін кәсіби қатысушының көрсетілетін қызметтерін пайдалану тәуекелдерін ( тәуекелге бағдарланған тәсіл) бағалау ерекшеліктерін ескере отырып клиенттерге қызмет көрсету процесінде кәсіби қатысушы қызметінің барлық бағыттары бойынша құрылымды және қызметкерлердің функционалдық міндеттерін айқындау;

3) тәуекелдердің негізгі санаттарын (клиенттің түрі, елдік тәуекел және көрсетілетін қызметтер/өнімдер тәуекелі бойынша):

клиент тәуекелінің деңгейіне;

кәсіби қатысушының көрсетілетін қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау деңгейіне қатысты ескере отырып КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау әдістемесі;

4) клиенттердің тәуекелдеріне және алдын ала шаралардың тізбесін көздейтін кәсіби қатысушы өнімдерінің (қызметтерінің) КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау деңгейіне тұрақты мониторинг, талдау және бақылау жүргізу тәртібі, оларды жүргізу тәртібі және мерзімі, қабылданған шараларға сәйкес нәтижелерін бақылау;

5) беру тәртібі, клиенттердің тәуекелдер деңгейін қайта қарау мерзімдері және негіздері;

6) КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау нәтижелерін кәсіби қатысушының басшылығы шешімдер (КЖ/ТҚ тәуекелдерін даму стратегиясын айқындау, жаңа өнімдері (көрсетілетін қызметтерді) енгізу, қызметкерлерді оқыту, тәуекелдерді азайту бойынша қабылданған шешімдерді іс жүзінде іске асыру кезінде азайту бойынша іс-шаралар) қабылдаған кезде кәсіби қатысушы өнімдерінің ( қызметтерінің) КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау деңгейі бойынша тіркеу және есепке алу тәртібі;

7) КЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау нәтижелерін ішкі аудит қызметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүргізген КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша кәсіби қатысушыны тексеру нәтижелерімен салыстыру арқылы КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасының тиімділігін тексеру (жылына 1 реттен кем емес) тәртібі кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 643 бұйрығы және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 225 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысымен.

14. Кәсіби қатысушы жыл сайынғы негізде кәсіби қатысушы қызметтерінің ең кем дегенде тәуекелдердің мынадай арнайы санаттарын ескере отырып, КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін бағалауды жүзеге асырады: клиенттердің типіне қарай тәуекел, ел (географиялық) тәуекелі, көрсетілетін қызметтің және (немесе) оны көрсету тәсілінің тәуекелі.

Кәсіби қатысушы қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін бағалау клиенттердің операцияларын бірегейлендіру рәсімдерін және мониторингін өзгертуді, операцияларды жүргізуге лимиттерді белгілеуді, қызмет көрсету талаптарын өзгертуді, қызмет көрсетуден (өнімдерден) бас тартуды қоса алғанда, анықталған тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ықтимал іс-шараларды сипаттаумен қатар жүреді.

15. Мәртебесі және (немесе) қызметі КЖ/ТҚ тәуекелінен асып түсетін клиенттер типтері мыналардан тұрады, бірақ олармен шектелмейді:

1) шетелдік жария лауазымды адамдар, олардың жақын туыстары және өкілдері;

2) шетелдік қаржы ұйымдары;

3) қызметі қолма-қол ақшаның қарқынды айналымымен байланысты заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер, оның ішінде:

қызметінің айрықша түрі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалар;

айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын ұйымдар (екінші деңгейдегі банктер белгілеген ҚЖ/ТҚҚ бойынша талаптарды сақтайтын екінші деңгейдегі банктердің еншілес ұйымдарын қоспағанда);

микроқаржы ұйымдары;

ломбардтар ретінде тіркелген заңды тұлғалар;

тұтынушылардан қолма-қол ақшаны, оның ішінде электрондық терминалдар арқылы қабылдауды жүзеге асыратын қызметті (қаржы қызметінен басқа) жеткізушілердің агенттері (сенім білдірілгендер);

ойын бизнесін ұйымдастырушылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс онлайн-казино қызметтерін көрсетушілер не осы қызметтен табыс алушылар ;

туристік қызметтерді, сондай-ақ қолма-қол ақшаның қарқынды айналымымен байланысты өзге де қызмет көрсетуші тұлғалар;

4) инвестициялық портфельді басқарушы брокер-дилерлер (екінші деңгейдегі банктер белгілеген КЖ/ТҚҚ бойынша талаптарды сақтайтын екінші деңгейдегі банктердің еншілес ұйымдарын қоспағанда);

5) қаржы лизингі бойынша қызмет көрсетуші тұлғалар (екінші деңгейдегі банктер белгілеген КЖ/ТҚҚ бойынша талаптарды сақтайтын екінші деңгейдегі банктердің еншілес ұйымдарын қоспағанда);

6) кредиттік серіктестіктер;

7) жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар;

8) қызметі қаруды, жарылғыш заттарды шығарумен және (немесе) саудасымен байланысты тұлғалар;

9) қызметі бағалы металдарды, асыл тастарды не олардан жасалған бұйымдарды өндірумен және (немесе) өңдеумен байланысты тұлғалар;

10) қорлардың, діни бірлестіктердің ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйымдар;

11) Талаптардың 16-тармағында көрсетілген шет мемлекеттерде орналасқан ( тіркелген) тұлғалар, сондай-ақ осындай тұлғалардың Қазақстан Республикасында орналасқан филиалдары мен өкілдіктері.

16. Кәсіби қатысушы осы тармақта көрсетілген шет мемлекеттерде қызметті жүргізуге, осындай мемлекеттерден келген клиенттерге қызмет көрсетуге, осындай шет мемлекеттердің қатысуымен операцияларды жүзеге асыруға байланысты ел (географиялық) тәуекелін бағалауды жүзеге асырады.

КЖ/ТҚ тәуекелін жоғарылататын операциялар жүргізетіндер шет мемлекеттер болып табылады:

1) КЖ/ТҚҚ заңына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган жасайтын Ақшаны жылыстатумен күрес жөніндегі қаржы шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын не жеткілікті түрде орындамайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне енгізілген шет мемлекеттер (аумақтар);

2) БҰҰ Қауіпсіздік кенесінің қарарларымен қабылданған халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын шет мемлекеттер (аумақтар);

3) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының мақсаттары үшін Оффшорлық аймақтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 10 ақпандағы № 52 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6058 тіркелген) бекітілген " Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының мақсаттары үшін Оффшорлық аймақтар тізбесіне енгізілген шет мемлекеттер (аумақтар);

4) басқа факторлар (сыбайлас жемқорлық, есірткіні заңсыз өндіру, айналымы және (немесе) транзиті деңгейі туралы мәліметтер, халықаралық терроризмге қолдау көрсету туралы мәліметтер, халықаралық терроризмді қолдау туралы мәліметтер және басқалары) негізінде кәсіби қатысушы КЖ/ТҚ жоғары тәуекелі бар ретінде айқындаған шет мемлекеттер (аумақтар).

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 643 бұйрығы және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысымен.

17. Кәсіби қатысушының КЖ/ТҚ жоғары тәуекеліне ұшыраған қызметтері, сондай-ақ оларды көрсету тәсілдері мыналардан тұрады, бірақ олармен шектелмейді:

1) дербес компьютерлер, телефондар, электрондық терминалдар арқылы қызмет көрсетуді қоса алғанда, клиенттерге қашықтан қызмет көрсету;

2) халықаралық нарықтардағы жеке брокерлік қызмет көрсету;

3) активтерді сенімгерлік басқару;

4) номиналды ұстаушыдағы қаржы ұйымдарының, инвестициялық пай қорларының шоттары;

5) орталық депозитарийдегі кастодиандардың, брокерлердің шоттары;

6) кәсіби қатысушыдағы шетелдік қаржы ұйымдарының шоттары.

18. Кәсіби қатысушылар қызметінің Талаптардың 15, 16 және 17-тармақтарында көрсетілген тәуекел факторларына сәйкес КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін бағалаған кезде кәсіби қатысушы мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, тәуекелдің қорытынды деңгейіне ықпал ететін мынадай қосымша мәліметтерді ескереді:

1) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға кәсіби қатысушы жіберген клиенттердің күмәнді операциялары туралы хабарлар саны;

2) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға кәсіби қатысушы жіберген клиенттердің шекті операциялары туралы хабарлар саны.

19. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіби қатысушы Талаптардың 15, 16, және 17-тармақтарында көрсетілген санаттар мен тәуекелдер факторларын, сондай-ақ кәсіби қатысушы белгілейтін өзге де санаттар мен тәуекелдер факторларын ескере отырып, клиенттерді жіктеу жөнінде шаралар қолданады.

Клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін кәсіби қатысушыдағы клиент (клиенттер) туралы мәліметтерді және ақпаратты талдау нәтижелері

бойынша кәсіби қатысушы белгілейді және тәуекел деңгейін айқындаудың кемінде екі деңгейден тұратын шкаласы бойынша бағаланады.

Клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін қайта қарауды кәсіби қатысушы клиент (клиенттер тобы) туралы мәліметтердің жаңартылуына қарай жүзеге асырады.

20. Талаптардың 15, 16 және 17-тармақтарында көрсетілген санаттар мен тәуекелдер факторларын пайдалана отырып тәуекелді бағалау операциялардың ( іскерлік қарым-қатынастардың) мониторингі нәтижелері бойынша клиенттерге ( клиенттер тобына) қатысты жүргізіледі.

Бұрын тәуекелді бағалау жүргізілмеген және бұрын іскерлік қарым-қатынастар орнатылмаған клиенттер (клиенттер тобы) бойынша кәсіби қатысушы іскерлік қарым-қатынастарды орнатуға дейін алынған деректер негізінде тәуекелді бастапқы бағалауды жүргізеді.

## 4. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы

21. КЖ/ТҚҚ туралы заңның клиентті тиісінше тексеру бойынша талаптарын іске асыру мақсатында кәсіби қатысушы клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру бағдарламасын әзірлейді.

Кәсіби қатысушының клиент (оның өкілі) туралы мәліметтерді тіркеу және дәйектілігін тексеру, бенефициарлық меншік иесін анықтау және ол туралы мәліметтерді тіркеу, іскерлік қарым-қатынастардың болжанатын мақсатын белгілеу және тіркеу, сондай-ақ Талаптарда көзделген клиент (оның өкілі) туралы өзге де мәліметтерді алу және тіркеу бойынша іс-шараларды жүргізуі клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру болып табылады.

Клиенттің тәуекел деңгейіне қарай кәсіби қатысушы жүргізетін іс-шаралардың деңгейі клиентті, бенефициарлық меншік иесін стандартты, жеңілдетілген және тереңдетілген сәйкестендірумен көрсетіледі.

22. КЖ/ТҚҚ туралы Заңның 5-бабы 2-тармағының талаптарын ескере отырып , кәсіби қатысушы клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіруді жүргізеді, сондай-ақ мынадай:

1) клиентпен іскерлік қарым-қатынастарды орнату;

2) клиенттің шекті операцияны (мәмілені) жасауы;

3) клиенттің күдікті операциясын (мәмілесін) анықтау;

4) жеке және заңды тұлғалар туралы бұрын алынған деректердің дәйектілігіне күмән туғызатын негіздемелердің болуы жағдайларында іскерлік қарым-қатынастардың болжанатын мақсатын белгілейді.

Клиент орнатылған іскерлік қарым-қатынастар шеңберінде операция ( мәмілені) жүргізген кезде, егер ол, осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, осындай іскерлік қарым-қатынастар орнатылған, сондай-ақ бұрын алынған мәліметтерді жаңарту не клиенттің тәуекелі деңгейіне және осы Талаптарға сәйкес қосымша мәліметтерді алу үшін қажет болған кезде жүргізілсе, клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру жүргізілмейді.

23. Кәсіби қатысушы Талаптардың 22-тармағына сәйкес алынған мәліметтерді клиенттің досьесіне енгізеді, оны кәсіби қатысушы іскерлік қарым-қатынастардың бүкіл кезеңі ішінде және олар аяқталғаннан кейін кем дегенде бес жыл сақтайды.

Кәсіби қатысушы ішкі құжаттарға сәйкес досье жүргізетін, бірақ онымен шектелмейтін клиенттер топтары:

1) жеке тұлғалар;

2) заңды тұлғалар;

3) шетелдік қаржы ұйымдары.

Клиенттің досьесіне енгізілуі және стандартты, жеңілдетілген не тереңдетілген сәйкестендіру жүргізген кезде дәйектілігі тексерілуі тиіс ең аз талап етілетін мәліметтер Талаптардың 1, 2 және 3-қосымшаларында белгіленген .

24. Клиент ақша аударымын жүзеге асырған не оның пайдасына қолма-қол ақшасыз төлем немесе ақша аударымы келіп түскен кезде орталық депозитарий төлем құжатында КЖ/ТҚҚ туралы заңның 7-бабы 2-тармағында көзделген клиент туралы мәліметтердің болуын, сондай-ақ олардың төлемге, ақша аударымына қатысушы қаржы ұйымына берілуін бақылайды.

25. Жеңілдетілген сәйкестендіруді кәсіби қатысушы мынадай жағдайларда:

1) инвестициялық портфельді басқарушы пайда алушының атынан іс-қимыл жасайтын брокермен және (немесе) дилермен инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шартты жасасқан жағдайда инвестор болып табылмайтын пайда алушыға қатысты;

2) клиенттердің мынадай түрлерімен:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары бақылайтын заңды тұлғалармен;

мемлекеттік мекемелер немесе мемлекеттік кәсіпорындар ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлғалармен, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингпен не дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалармен;

екінші деңгейдегі банктермен, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылармен;

акциялары Қазақстан Республикасы қор биржасының және (немесе) шет мемлекеттің қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ұйымдармен;

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан не қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын халықаралық ұйымдармен іскерлік қатынастар орнатқан жағдайда;

3) жеке тұлға Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14423 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 қыркүйектегі № 239 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу қағидаларында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноталарын сатып алу мақсаттары үшін онымен іскерлік қатынастар орнатқан жағдайда жүргізеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 31.08.2017 № 531 және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.07.2017 № 160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығы және қаулысымен.

26. Кәсіби қатысушы тереңдетілген сәйкестендіруді:

1) клиентке жоғары тәуекел деңгейі тағайындалған кезде;

2) тереңдетілген сәйкестендіру қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға осындай операция туралы хабарламаның жіберілуі туралы оның қасақана емес хабардар болуына әкеп соғатын жағдайларды қоспағанда, клиентке мониторинг жүргізу және операцияларын зерделеу барысында күдікті операцияны (мәмілені) не оны жасау әрекетін анықтаған кезде;

3) клиент ұсынған мәліметтердің дәйектілігіне күмән болған кезде;

4) кәсіби қатысушының ішкі құжаттарында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ жауапты қызметкердің шешімі бойынша жүргізеді.

27. Клиентті сәйкестендіру (бенефициарлық меншік иесін анықтау) барысында кәсіби қатысушы КЖ/ТҚҚ туралы заңның 12-бабына сәйкес алынатын терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты тұлғалардың және ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) осындай клиенттің ( бенефициарлық меншік иесінің) болуына тексеру жүргізеді.

Шетелдіктерге, шет мемлекеті азаматтығының болуы туралы кәсіби қатысушыда мәліметтер болған өзге де адамдарға қатысты, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға қатысты кәсіби қатысушы клиентті сәйкестендіру ( бенефициарлық меншік иесін анықтау) барысында осындай клиенттің ( бенефициарлық меншік иесінің) шетелдік жария лауазымды адамға жататынын тексереді.

28. Клиент (оның өкілі) ұсынатын құжаттардың клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді растау мақсатында дәйектілігі тексеріледі.

29. Клиентті сәйкестендіру бағдарламасы мыналардан тұрады, бірақ онымен шектелмейді:

1) іскерлік қатынастар белгілеуден және (немесе) операциялар жүргізуден бас тартудың тәртібі мен негізін қоса алғанда, клиенттерді қызмет көрсетуге қабылдау, сондай-ақ іскерлік қатынастарды тоқтату тәртібі;

2) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру тәртібі, оның ішінде жеңілдетілген және тереңдетілген сәйкестендіру рәсімдерінің ерекшеліктері;

3) шетелдік қаржы ұйымдарымен іскерлік қатынастар орнату кезінде сәйкестендіруді жүргізу ерекшеліктері;

4) кәсіби қатысушының қызмет көрсетілетін немесе қызмет көрсетуге қабылданатын тұлғалардың, сондай-ақ олардың бенефициарлық меншік иелерінің арасынан шетелдік жария лауазымды тұлғаларды анықтауына бағытталған шаралардың сипаты;

5) клиенттің (оның) өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің Тізбеде болуын тексеру тәртібі;

6) іскерлік қарым-қатынастарды қашықтан орнату кезінде сәйкестендіру ерекшеліктері (жеке клиенттің немесе оның өкілінің қатысуынсыз);

7) КЖ/ТҚҚ бойынша топтық талаптарды (бар болған кезде) орындау шеңберінде клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру барысында алынған мәліметтерді алмасу ерекшеліктері;

8) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді алу мақсатында басқа ұйымдармен өзара әрекеттесу ерекшеліктері;

9) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру мақсатында қосымша ақпарат көздерінің, оның ішінде мемлекеттік органдар ұсынатындардың сипаты;

10) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің дәйектілігін тексеру тәртібі;

11) клиент досьесінің нысанына, мазмұнына және жүргізу тәртібіне, мәліметтерді жаңарту кезеңдігін көрсете отырып, досьедегі мәліметтерді жаңарту тәртібіне қойылатын талаптар;

12) кәсіби қатысушы қызметкерлерінің сәйкестендіруді жүргізу кезінде алынған ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету тәртібі;

13) клиенттің тәуекел деңгейін бағалау тәртібі, мұндай тәуекелді бағалаудың негіздері.

## 5. Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасы

30. КЖ/ТҚҚ туралы заңның клиентті тиісінше тексеру жөніндегі, сондай-ақ шекті және күмәнді операциялар туралы, хабарларды анықтау және қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жіберу жөніндегі талаптарын іске асыру мақсатында кәсіби қатысушы клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасын әзірлейді.

31. Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасы шеңберінде кәсіби қатысушы клиенттер (олардың өкілдері) және бенефициарлық меншік иелері туралы қосымша мәліметтерді жаңарту және ( немесе) алу жөнінде, сондай-ақ клиенттердің операцияларын зерделеу жөнінде және шекті, әдеттегіден тыс және күмәнді операцияларды анықтау жөнінде іс-шаралар жүргізеді.

Кәсіби қатысушы клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің нәтижелерін кәсіби қатысушы қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін жыл сайын бағалау үшін, сондай-ақ клиенттер тәуекелдерінің деңгейлерін қайта қарау үшін пайдаланады.

Клиенттердің операциялары мониторингінің және зерделеудің бағдарламасын іске асыру шеңберінде алынған мәліметтер Талаптардың 23-тармағында көрсетілген клиенттің досьесіне енгізіледі және (немесе) клиентпен іскерлік қатынастардың барлық кезеңінде және олар аяқталған күннен бастап кемінде бес жыл бойы сақталынады.

32. Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы қосымша мәліметтерді жаңартудың кезеңдігін және (немесе) алу қажеттігін кәсіби қатысушы клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін және (немесе) клиент пайдаланатын кәсіби қатысушы қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін ескере отырып белгілейді.

Талаптардың 26-тармағында көзделген жағдайларда, кәсіби қатысушы клиентті тереңдете сәйкестендіруді жүргізеді.

Тәуекел деңгейі жоғары клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Клиенттің (бенефициарлық меншік иесінің) тізбеде болуын (Тізбеге қосылуын) тексеру клиенттің тәуекел деңгейіне байланысты емес және Тізбеге өзгерістер енгізілуіне (Тізбенің жаңартылуына) қарай жүзеге асырылады.

33. Кәсіби қатысушы клиенттің (клиенттер тобының) тәуекел деңгейін және ( немесе) клиент пайдаланатын кәсіби қатысушы қызметінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін ескере отырып, сондай-ақ бар КЖ/ТҚ сценарийлерін (

схемаларын) және (немесе) әдеттегіден тыс және күмәнді операциялардың белгілерін ескере отырып клиенттің операцияларын зерделеу дәрежесін айқындайды.

Кәсіби қатысушы клиентке тәуекелдің жоғары деңгейі берілген жағдайда, сондай-ақ клиент күмәнді операцияны жүргізген жағдайда клиент белгіленген уақыт кезеңінде жүргізіп жатқан (жүргізген) операцияларды (мәмілелерді) зерделейді.

34. Клиент операцияларының мониторингі және зерделеу бағдарламасында:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, сондай-ақ кәсіби қатысушы дербес әзірлеген белгілердің негізінде жасалатын әдеттегіден тыс және күдікті операциялар белгілерінің тізбесі;

2) кәсіби қатысушы бөлімшелері (қызметкерлері) арасында Талаптарда көзделген жағдайларда клиент (оның өкілі) пен бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған қосымша мәліметтерді жаңарту және (немесе) оларды алу жөніндегі міндеттерді бөлу;

3) кәсіби қатысушы бөлімшелері (қызметкерлері) арасында шекті, әдеттегіден тыс және күдікті операциялар туралы мәліметтерді анықтау және бөлімшелер ( қызметкерлер) арасында бір-біріне беру жөніндегі міндеттерді бөлу;

4) кәсіби қатысушы бөлімшелерінің шекті, әдеттегіден тыс және күдікті операцияларды анықтаған кезде өзара әрекет ету тетіктерін сипаттау;

5) жауапты қызметкердің клиент операциясының түрін белгілеу туралы шешімді қабылдау тәртібі, негізі және мерзімі;

6) бөлімшелердің (қызметкерлердің) клиент операциясын жүргізуден бас тарту жөніндегі (бенефициарлық меншік клиент иесі Тізбеде тұруына байланысты бас тартуды қоспағанда), сондай-ақ клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату жөніндегі шешімді қабылдау бойынша өзара әрекет ету тәртібі;

7) кәсіби қатысушы бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) Тізбедегі клиенттер мен бенефициарлық меншік иелерін анықтау бойынша, сондай-ақ осындай клиенттердің ақшасымен және (немесе) өзге мүлкімен операцияларды дереу тоқтата тұру бойынша өзара іс-қимыл тәртібі;

8) әдеттегіден тыс операцияларды зерделеу нәтижелері жөніндегі мәліметтерді, сондай-ақ шекті және күдікті операциялар жөніндегі мәліметтерді ( оның ішінде операциялар сомасы, төлем валютасы, клиенттің қарсы агенті туралы деректерді) тіркеу (оның ішінде тіркеу әдістері) және сақтау тәртібі;

9) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға шекті және күдікті операциялар туралы хабарламаларды ұсыну тәртібі;

10) кәсіби қатысушының уәкілетті органдарына шекті және күдікті операциялар анықталғаны жөнінде хабарлау (қажеттілігіне қарай) тәртібі;

11) клиент әдеттегіден тыс және (немесе) күдікті операцияларды жүйелі және (немесе) елеулі көлемде жүзеге асырған жағдайда, кәсіби қатысушы клиент пен оның операциясына қатысты шараларды қабылдау тәртібі және қабылдайтын шаралардың сипаты қамтылған, бірақ олармен шектелмеген.

Ескерту. 34-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 643 бұйрығы және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен қаулысымен.

35. Операцияны шекті ретінде белгілеудің заңдылығы бөлігінде күмән туындаған кезде, сондай-ақ әдеттегіден тыс немесе күдікті операцияны анықтаған кезде, аталған операцияны анықтаған кәсіби қатысушының қызметкері кәсіби қатысушының ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен, нысанда және мерзімде жауапты қызметкерге осындай операция жөніндегі хабарламаны жібереді.

Бір хабарда бірнеше операциялар туралы ақпараттың болуына жол беріледі.

Кәсіби қатысушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген операциялар туралы хабарламаны, сондай-ақ оларды зерттеудің нәтижелерін клиентпен қатынастарды тоқтатқан күннен бастап кемінде бес жыл сақтайды.

## 6. Кәсіби қатысушының қызметкерлерін КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасы

36. Қызметкерлердің КЖ/ТҚҚ саласындағы заңнама талаптарын, ішкі бақылау және өзге де ішкі нормативтік құжаттардың ережелерін орындау үшін қажетті білімді алуы және дағдыларды қалыптастыруы кәсіби қатысушының қызметкерлерін КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасының (бұдан әрі - Оқыту бағдарламасы) мақсаты болып табылады.

37. Оқу бағдарламасына:

1) оқытудың тақырыптарын, өткізу әдістерін, мерзімдерін және оқытуды өткізуге жауапты бөлімшені қамтитын қызметкерлерді оқыту тәртібі;

2) кәсіби қатысушының қызметкерлері оқып жатқан бөлімшелерінің тізбесі;

3) оқыту нәтижелерін сақтау тәртібі мен нысандары;

4) кәсіби қатысушы қызметкерлерінің КЖ/ТҚҚ мәселелері бойынша білімдерін тексеру тәртібі мен нысандары кіреді.

38. Кәсіби қатысушы қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган бекіткен талаптарды ескере отырып, оқытуды өткізудің нысандары мен кезеңдігін белгілейді.

Қылмыстық жолмен алынған
кірістерді заңдастыруға
(жылыстатуға) және терроризмді

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
жасау мақсатында бағалы қағаздар
нарығының кәсіби қатысушылары
және орталық депозитарий үшін
ішкі бақылау қағидаларына
қойылатын талаптарға 1-қосымша

# Клиент - жеке тұлға досьесінің мазмұнына қойылатын талаптар

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.12.2015 № 643 бұйрығы және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Қаржы министрінің 31.08.2017 № 531 және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.07.2017 № 160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығы және қаулысымен.

| Мәліметтер | Сәйкестендіру түрі | | |
|---|---|---|---|
| | Стандартты | Жеңілдетілген | Тереңдетілген |
| 1. Жеке тұлға туралы жалпы мәліметтер | | | |
| Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Туған күні және туылған жері | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Азаматтығы (бар болса) | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, нөмірі, сериясы ( бар болса) | ✓ | ✓ | ✓ |
| Жеке басын куәландыратын құжатты берген органның атауы, оның берілген күні және қолданылу мерзімі | ✓ | ✓ | ✓ |
| Салық резиденттігі, оның ішінде шет мемлекеттегі салық төлеушінің нөмірі | ✓ | ✓ | ✓ |
| Тұрғылықты (тіркелген) жерінің мекенжайы немесе келген жері (мемлекеті/юрисдикциясы, пошта индексі, елді мекені, | ✓ | | ✓ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| көшесі/ауданы, үйінің нөмірін және бар болса пәтерінің нөмірі ) | | | ✓ |
| Байланыс телефонының нөмірі | ✓ | | ✓ ✓ |
| Жұмыс орны, лауазымы | ✓ | | ✓ |
| Электрондық поштаның мекенжайы (бар болса) | ✓ | | ✓ |
| 2. Жеке тұлға - дара кәсіпкер туралы қосымша мәліметтер | | | |
| Жеке тұлғаның дара кәсіпкер ретінде, оның ішінде шаруа ( фермерлік) қожалығының басшысы ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың нөмірі, берілген күні | ✓ | | ✓ |
| Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса) | ✓ ✓ | | ✓ ✓ |
| Кәсіпкерлік қызметтің түрі | ✓ | | ✓ |
| Лицензияның нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі (егер жүзеге асырылып отырған қызмет түрі лицензияланатын болса ) | ✓ | | ✓ ✓ |
| Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған орнының мекенжайы ( мемлекеті/юрисдикциясы, пошта индексі, елді мекені, көшесі/ ауданы, үй-жайының нөмірі) | ✓ | | ✓ ✓ |
| 3. Шетелдік жеке тұлға туралы қосымша мәліметтер | | | |
| Визаның (жеке басын куәландыратын құжат, шетелдік төлқұжат ретінде ұсынған жағдайда) нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі (Қазақстан Республикасына визасыз тәртіппен кіретін мемлекеттердің азаматтарын қоспағанда) | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Көші-қон карточкасының (жеке басын куәландыратын құжат, шетелдік төлқұжат ретінде ұсынған жағдайда) нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі (Қазақстан Республикасына визасыз тәртіппен кіретін мемлекеттердің азаматтары үшін) | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Тұлғаның шетелдік жария лауазымды тұлғаларына немесе олармен байланысты тұлғаларға (отбасы мүшелеріне) қатыстылығы | ✓ | ✓ | ✓ |
| 4. Жеке тұлғаның өкілі туралы мәлімет | | | |
| Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Туған күні және туылған жері | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Азаматтығы (бар болса) | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі, нөмірі, сериясы ( бар болса) | ✓ | ✓ | ✓ |
| Жеке басын куәландыратын құжатты берген органның атауы, оның берілген күні және қолданылу мерзімі | ✓ | ✓ | ✓ |
| Тұрғылықты (тіркелген) жерінің мекенжайы немесе келген жері (мемлекеті/юрисдикциясы, пошта индексі, елді мекені, көшесі/ауданы, үй-жайының нөмірі) | ✓ | ✓ | ✓ ✓ |
| Байланыс телефонының нөмірі | ✓ | | ✓ ✓ |
| Жеке тұлғаның атынан заңдық мәні бар іс-әрекеттер (оның ішінде, шотты ашу, шотты басқару) жасауға арналған құжаттың (сенімхаттың, шарттың, қорғаншы (қамқоршы) жеке куәлігінің, өзге құжаттың) нөмірі, берілген (қол қойылған) күні, қолданылу мерзімі (бар болса) не заң бойынша өкілдікті жүзеге асыру туралы белгі | ✓ ✓ | | ✓ ✓ |
| Клиент өкіліне берілген сенімхатта клиенттің қолын куәландырған нотариустың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), нотариалдық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның нөмірі және берілген күні не құжатты берген органның атауы | ✓ | | ✓ |
| Визаның (жеке басын куәландыратын құжат, шетелдік төлқұжат ретінде ұсынған жағдайда) нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі (Қазақстан Республикасына визасыз тәртіппен кіретін мемлекеттердің азаматтарын қоспағанда) | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| Көші-қон карточкасының (жеке басын куәландыратын құжат, шетелдік төлқұжат ретінде ұсынған жағдайда) нөмірі, берілген күні, қолданылу мерзімі | ✓ ✓ | ✓ ✓ | ✓ ✓ |
| 5. Бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтер | | | |
